

№51 (8151)
19 желтоқсан,
2024 жыл

Бүгінгі таңда лудоманияның алдын-алу үшін психологтар арнайы іс-шаралар ұйымдастырып, мектеп қабырғасындағы оқушылар мен университет және колледж студенттерімен жиі басқосулар өткізіп, олардың құмар ойындарына деген көзқарасын білуге тырысып келеді.

* Лудомания



Құмарлық соңы – құрдым

«АМАНАТ» партиясының Атырау облыстық филиалында мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына және мұғалімдерге арналған «Мен айтамын!» атты ауқымды шара ұйымдастырылды. Түрлі тақырыптарды көтерген ашық алаңда қазіргі қоғамның дертіне айналған, көп адамды құрдымға кетірген құмар ойынға да баса назар аударылып, қатысушылар бұл мәселе төңірегінде өз пікірлерін ортаға салды.

Иә, лудомания – бұл психологиялық тәуелділік. Бұл дерттің бір рет дәмін көргендер үнемі құмар ойынын ойнауға және сол үшін ақшасын жұмсауға бейім тұрады. Кейбіреуі, тіпті, айналадағы ағайын мен адамдардың жүзін көрмей, қоғамнан алыстап жатады. Үнемі жеңіс күттіретін бұл құмар ойын бүгінде қоғамның өзекті мәселесіне айналып, ойыншылардың қаржылық жағдайын құрдымға кетіріп қана қоймай, жеке өміріне немесе отбасылық жағдайына, сондай-ақ жұмысына кері әсер етіп жатады. Тіпті құмар ойынның соңы ұзақ емдеуді қажет ететін материалдық күйреуге әкеп соқтыратын ауыр психологиялық ауруларға да ұласып жатқандығы рас. Бұл жөнінде әңгіме қозғаған

Шынар Төкенова, ювеналды полиция инспекторы Орынгүл Күшқалиева, полиция департаментінің есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының аға өкілі Марьяна Жанғалиева, отбасын қолдау орталығының директоры Шолпан Қоңыровалар лудоманияның кейінгі жылдардағы көрсеткішін сарапқа салып, оның алдын-алудың жолдарына нақтырақ тоқталды.

- Лудомания осыдан бірнеше гасырлар бұрын пайда болды. Бірақ қазір дерті ретінде кейінгі жылдары гана танылды. Бұл көбіне психологиялық тұрғыда өз сана-сезімін бағындыра алмай, өз-өзімен күресе алмайтын жандарда көптеп кездеседі. Және отбасында қаржылай қиындықтар туындапты, жедел ақша табуға

кем көрмейді. Демек бұл соңы жақсылыққа апармайтын өзекті мәселе деген сөз. Сол үшін ата-аналарға айтарым, балаларыңыздың қандай нәрсемен шұғылданатынын бақылап, жиі әңгімелесіңіздер. Оларға мейірімдеріңізді төгіп, дос болыңыздар және ұл-қыздарыңыздың уақытын тиімді өткізуіне жұмыстаныңыздар,- деді психолог Анар Сағынбаева.

Құмар ойынның қызығына батып, қалыпты өмір салтына қайта орала алмай жүрген жандарды аталмыш ойын жеңілген сайын өзіне еліттіріп тұратыны рас. Осылайша қайта ұтуға мүмкіндік сыйлап, жеңіс тұғыры алыстан жиі қол бұлғап тұрады. Алайда бір емес, бірнеше рет ақша жұмсаудың арты үлкен қарыздың батпағына батпауға, тіпті адам өліміне әкеліп соқтырып жатады. Және бір сәттік қызығушылықтың арты әкешеден, жанұядан, бала-шағадан жырақтатып, қоғамнан шеттетеді.

Шараға қатысқан сарапшылардың айтуынша, балалардың құмар ойынға деген тәуелділігі - ата-аналардың да компьютер мен гаджеттерде көп уақыт өткізетіндігінен, балаға назар аудармағанынан және ұзақ уақыт бойы үйде болмағанынан пайда болады екен. Сол үшін бірінші ата-аналар өздерін тәрбиелесе екен дейді. Және балалары үй тапсырмасын орындамай, наразылық танытып, жиі ашуланса - мұның барлығы теріс белгі екендігін де ескертті.

Бүгінгі таңда лудоманияның алдын-алу үшін психологтар арнайы іс-шаралар ұйымдастырып, мектеп қабырғасындағы оқушылар мен университет және колледж студенттерімен жиі басқосулар өткізіп, олардың құмар ойындарына деген көзқарасын білуге тырысып келеді. Сондай-ақ кейбір психологтар жеке кеңес беру, топтық қолдау бағдарламалары сияқты шаралар өткізіп, жаңашыл әдістерді қолдануда.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің психологі Анар Сағынбаева құмар ойынның құрдымына түскен жанның қандай болатынын қарапайым тілде нақты мысалдармен айтып берді. Сондай-ақ шараға қатысқан облыстық білім басқармасы жанындағы қосымша білім беру орталығының психологі

итермелейді. Сол мақсатта ол бәріне барады. Тіпті ұрлық жасап, адам тонап, ауыр қылмысқа да барудан тайынбайды. Сондықтан осындай жаңа дүниенің жетегінде кететін азаматтар үшін құмар ойын тым қауіпті. Қазіргі қоғам құмар ойындары есірткімен теңестіріп, ал лудомания дертіне шалдыққанды нашақордан

Лудоманияның басына күн туды

Биыл жазда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бойынша бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды.

Заң арқылы халықтың ойынға тәуелділігін төмендетуге бағытталған шектеуші және ынталандырушы нормалар енгізілді. Атап айтқанда, құмар ойындарға, бәс тігуге қатысуына тыйым салынатын адамдар санатының тізімі кеңейтілді. Енді олардың қатарына борышкерлердің бірінші тізімінде тұрған тұлғалар (атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер туралы мәліметтерді қамтитын электрондық деректер банкі) қосылды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу енгізілді. Яғни, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген адамдардың құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуына шектеу қойылды.

Бұдан былай мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметшілер, арнайы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, бюджеттік ұйымдардың басшылары құмар ойындарға немесе бәс тігуге қатыса алмайды. Бұл шектеуді сақтамағаны үшін оларды жұмыстан шығару шарасы қарастырылған. Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың қызметін реттеу тетіктері күшейтілді. Туризм және спорт министрлігі ойын мекемесінің, букмекерлік кеңесінің, тотализатордың, ставка-

ларды қабылдау және құмар ойындардың немесе бәс тігудің бірінші ережелерін бекітеді.

Букмекерлік кеңеселер мен тотализаторлардың жарнамаларына шектеу қойылды. Атап айтқанда, букмекерлік кеңеселер мен тотализаторларды сыртқы (көрнекі) жарнамасына, сондай-ақ олардың қызметін көлік құралдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, кино, бейне және анықтамалық қызмет көрсету орындарында жарнамалауға тыйым салынады.

Тек букмекерлік кеңсе немесе тотализатор орналасқан жердегі сыртқы жарнамаға, спорт ғимараттарының ішінде және спортшылардың киімінде, спорттық тақырыпқа маманданған және ресми тіркелген БАҚ-та, сондай-ақ отандық телеарналар халықаралық спорттық жарыстарды тікелей трансляция жасаған кезде жарнамалауға рұқсат етіледі.

Заңға сәйкес, лотерея қызметін реттеу тетіктері де жаңартылды.

Сәуле МАМБЕТОВА,
аудандық мәслихаттың депутаты

Дүзкен келіні, Дәуімшар зайыбы, асыл жар, әз-әже, ұлағатты ұстаз, жүзі жарқын, қайырымдылығы мол, жан дүниесі таза

РАЙХАНҚЫЗЫ КҮЛТАЙДЫН

40 күндік қадесі 21 желтоқсан сағат 11.00-де өз шаңырағында өтетінін хабарлаймыз.

Мекен-жайымыз: «Жадырасын» ы/ауд., №315 «А» үй Ұрпақтары

Аяулы бауырымыз, ардақты ана

БИСЕНОВА ГҮЛЖАН МАТЖАНҚЫЗЫН

туған күнінде сағынышпен еске аламыз.

Қанат қактың арманға қиырдағы, Дастарханың дос келсе жылмады. Аңқылдаған ақ көңіл жан бауыр-ау, 60-ыңның ақ дәмі бұйырмады. Қарайлаймыз сен кеткен жолға мұңлы, Қалап едік бірге ұзақ болғаныңды. Аман жүрсен бауырлармен ойнап-күліп, Тойлар едік 60-қа толғаныңды. Жылдар өтті өзіңнен айрылғалы, Құлазиды көңілдің айдындары. Жүректерде мәңгілік сақталасың, Өтсін қанша уақыттың ай-жылдары. Сая болып жаныңа жұмақ бағы, Жәннаттағы бұйырсын бұлақ дәмі. Сағынышпен дұға етіп, еске аламыз, Туған күніңнің атқанда нұр ақ таны!

Еске алушы: бауырлары, балалары



НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңесі нотариусы Қунанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 18.08.2018 жылы қайтыс болған аз. Кубиева Марияның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңесінің нотариусы Сүйсеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 07 тамыз 2024 жылы қайтыс болған аз. Баймұханова Жамалдың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 81/8. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

ЖАРНАМА

ТЕЛЕФОНЫ:

8-701 413 95 22



Құркылтайдан ұясы-15000 тт., домбыра -30000 тт. Тел.: 8-747 284 28 92.

ХАБАРЛАНДЫРУ

1.Жобаның атауы: Жобаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар: " №11 толықтыру. Айранкөл кен орнын жайластыру. Атырау облысы, Жылыой ауданы» ҚОКБ

2.Іқпал ету аумағы: Учаске аумағының географиялық координаталары 46°53'18.97" ендік 53°31'54.91" бойлық. Жобалау жұмыстары Атырау облысы, Жылыой ауданы (47°00' с. е. 53°59' ш. б.) аумағында жүргізілетін болады.

3.Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылдың 28 қаңтар сағат 10:00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары к., Махамбет даңғылы, 37 (Мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/87022004551?pwd=46sy7BaVpCdsj010bj71LAmT5P4FJc.1>

Идентификатор конференция: 870 2200 4551

Код достуға: 049713

4.Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Каспий нефть» АҚ, БСН: 970140000112, Атырау облысы, Атырау к., Сәтпаев к-сі, 15в. Байланыстар: +7(7122)-31-56-63, эл. пошта: info@caspienft.kz.

5.Өзіндікші: «Apex Energy Solutions» ЖШС, БСН: 020940008477. Өкілі: Төлеуішова Гүлнар. Байланыстар. Тел. +7(727)391-01-21 ішкі. 219, ұялы. 8-708-536-18-25 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

6.Жоба материалдары сайтта орналастырылған: <https://ecoportal.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

7.Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, ш/а, мекен-жайы мен нөмірі бойынша білуге болады: Нұрсая, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел: 8(7122)319877 ішкі.219

8.Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: <https://ecportal.kz/> және jylyoiakimat@atyrau.gov.kz

9.Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті <https://ecportal.kz/> сайттыңда орналастырылған.

Мұнай саласының білгірі ретінде әр ұңғымадан мұнай өндіру көлемін арттырып, мұнай-газ өндіру жоспарының орындалуын үнемі қамтамасыз етумен қатар жаңа Қисымбай, Аққұдық, Ақінген, Уз және басқа да кен орындарын ашуға белсенді араласып, басшылық жасады.

№51 (8151)
19 желтоқсан,
2024 жыл

ЕЛІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТКЕН...



ҰМТЫЛЫС

Бала кезінен әкесінің жанында жүріп, халқымыздың қисса-дастандарын, әзіл-әпсаналарын құлағына құйып, адалдық пен ерлік әлемінде өмір сүргендіктен, әрдайым жаңа жұмысқа тағайындалғанда азаматтық парызы, ел алдындағы қарызды қалай өтеймін деген толғаныстың толқынынан шыға алмайтын. Сонау жылдары Жылыой ауданына әкім болып жаңадан тағайындалған кезінде де сол ой маза бермеді. Кабинетіне алғаш кіріп, креслосына отырған сәттен облыс әкімі мен қызметкерлерінің, таныс дос-жарандары мен ауданның шенділерінің құттықтауын жылы шыраймен қабылдаса да, зердесінде бекіген көңілінің тереңіндегі ойы жадында жаңғырып, санасында саралана берді.

Максым Шафиқұлы - 1976 жылы В.И.Ленин атындағы қазақ политехникалық институтын тәмамдап, мұнай-газ кен орындарын игеру және кешенді механикаландыру мамандығын меңгеріп, еңбек жолын мұнайшы ретінде бастаған-ды. Облыстың мұнай саласының генералы дәрежесіне жеткенде мансабын көтеру үшін емес, саланы ел экономикасының айналысатын болатындай дәрежеде өркендетуді мақсат тұтқан еді. Бүгін де сол қалыптан айнымады. Рахмет Өтегінов, Саламат Мұқашев сынды киелі адамдардың орынтағының қасиетін қадірлеп, айбынын арттыру мақсатын қалай жүзеге асырамын деп ойға шомды. Теңіз толқынындай лек-лек жобалар тізбегін Құлсары қаласының, Жылыой ауданының болашағын, ең алдымен, халықтың тұрмысын көтеру, хал-ахуалын арттырумен байланыстырды. Екіншіден қаланы көркіткенді, өткен тарихтан сыр шертер алаңдар мен жасөспірімдерді ертегі кейіпкерлерімен кездестіретін орындар жасақтауды жұмыс жоспарына енгізді. Тұрғындардың демалысы үшін саябақтар жасау, бау-бақша өсіру, шаруашылық саласын, білім ошағы мектептерді жаңарту, мұнай-газ кешені мен ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті дамытуды қолға алды.

Алда көптеген қиындықтар мен кездесетін бөгеттерді білді. Өйтсе де, сенім нық, мақсаты айқын еді. Сын сағаттар сарыла күттірмей, алдынан көлденеңдеп кезікті.

...Жазғы күнді қыс ететін Жайықтан соққан үскірі жел басталғалы 35 градустан төмен суықтың ызғары қанша мезгілге созылар бейбітсіз, бұл жағдай басыны әбден әбігерге салды.

Қала тұрғындарының көпшілігінің баспанасы өткен ғасырдың алпысыншы жылдары науқанды түрде тұрғызылған ел арасында «Хрущевка» аталған, әрі кеткен көпқабатты үйлердің жылу, су жүйелері апатты жағдайға жеткен. Халықтың тұрмысын, әлеуметтік жағдайын қадағалайтын бірінші орынбасары мен қала әкіміне алғашқы күнінен ес ол жерді үзіп алмау үшін кезекшілік ұйымдастыруды тапсырып, тұрғындарды суыққа ұшыратпау шарасын қарастырған-ды. Бірақ қаусаған қазан қауқарынан айрылып, істен шықты. Ушыққан мәселенің уытын қайтару үшін аудандағы барлық мекемелерді, шетелдік компанияларды түгел жұмылдыра, жөндеу жұмысын қадағалауына алды. Жарамсыз күйге жеткен қосалқы бөлшек аудан, облыс деңгейінен таптырмай, туындаған төтенше жағдайды облыс әкімінің, оның бірінші орынбасарының қаперіне бере көмек сұрап, сағат сайын хабарласаты. Әр пәтерде адам тұрарлық жылуды қамтамасыз етуге өздерінің жылыту құралдары – газ, электр плиталарын тұрақты бақылаумен пайдала-

Бұл қазақта жігіттер бар мәрт батыр, Жалаңаш батыр көбі оның Аударып тастар сен үшін Алтын бар десең, астында мынау төбенің. Солардың аппақ ниетімен, Ақ қарға жаққан отымен, Лапылдап мен де келемін,-деп ақын Төлеген Айбергенов жырлағандай, мәрт жігіттердің бірі - Мақсым Избасов.

нуына жағдай жасауды электрліктерге міндеттеді. Барлық жауапкершілікті өзіне алып, тәулік бойы жөндеушілер мен тұрғындардың қасында аяз құрсауының қаһарынан қаймықпай бірге болды.

«Өзінің саулығына қарасаңшы, ауырсаң бастаған ісің аяқсыз қалады. 5-6 сағат дем алуға болмай ма?» деп ренжіген Тамараға «Жаным елімінен артық емес» деген жауабын көзқарасымен түсіндіріп жүре берген. Іздеген мұратына жетіп, мәселе бір жұмада шешілген-ді. Қатқан мұз жібіді, тоңған халық тондарын шешті. Үйлерінің төрінен маңдайлары жіпсіп, кең отырып шайларын ішкен күндері аудан әкіміне алғыстарын қарша жаудыра лебіздерін білдіргенде, Мақсым мырза рахметін айтып:

- «Бұл менің негізгі ұмтылысым, оның нәтижесі – сіздердің марқайып білдірген ризашылықтарыңыз», - деп іштей бұл парызымды орындау жолындағы алғашқы баспалдағым деген оймен марқайды.

ШЕГІНІС (ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ)

Болар адам жастайынан жігерленіп, орыңқы болмысымен, ұстамды сөзімен, тереңге тартқан ойымен ерекшеленіп тұрады. Мақсым әке сөзінен жаңылмай мұнай саласындағы алған теориялық білімін өндірістің қыр-сырын үйрену арқылы шыңдауды мақсат етті.

Институтты тәмамдаған жылы Атырау (Гурьев) облысындағы «Ембімұнай» бірлестігіне қарасты «Құлсарымұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында қатардағы мұнай және газ өңдеу операторы ретінде еңбек жолын бастады. Өзі ісіне тиянақты, берілген тапсырманы орындаушылық жауапкершілігі жоғары, мамандықтан жете меңгерген білімді, жанылық жаны құмар ізденімпаз қызметкерді ұжым да, басшылық та жете таныды. Ұйымдастырушылық, басшылық тұрғысында мансапты жұмыстарды батыл сеніммен тапсырды. Өндірістік-технологиялық бөлімнің инженері, бас инженері, жерасты скважинаны жөндеу цехының басшылығының да шаңын шығарып, талайды тамсандырды, басқарманың бас инженерлігіне жоғарылатылды.

Сол кезеңдегі кадрлерді даярлау үрдісіне сай, қызметкерлер мен басшылардың арасынан сүзгіден өткізіп, өзіне де, өзгеге де талап-шық, ой-өрісі кең, дүниетанымы мол, білімге құмар, сын сағаттарда тайсалмай шешім қабылдай алатын жастарды партия жұмысында шыңдап алатын ұстаным бар-ды. Сол үрдіспен 1985 жылы өзі жұмыс жасап жүрген басқарманың дербес партия комитетінің хатшылығына жұмсады. Ұйым коммунистері де тағдырының сенімді қолға тапсырылғанына ризашылық білдіріп, бірауыздан сайлады. Партия жұмысында тәжірибе жинақтаған сәтінде Құлсары мұнай-газ өндіру басқармасының бас инженері және жоспарлау-экономикалық байланыс жүйесінің жетекшісі жұмысына тағайындалды.

1993 жылы қазақ елінің дамуына үлес қосуға манызды орын алатын «Теңіз-мұнайгаз» өндірістік бірлестігінің бас инженері, әрі бірінші тете-президенті лауазымына кірісті. Құрып болаттай суарылған, өндірістің барлық саласында табысты жұмыс жасап, тәжірибе жинақтаған азамат «Құлсарымұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының тізгінін ұстады. Жан-жақты сыналған үзікті шалқар еңбегімен танылған қолынан іс келетін азаматқа сенім білдіріп, бірінші басшылығына берілген ұсынысты қабыл алды. Осы қызметті 2004 жылға дейін атқарып, «ҚазМұнайгаз» ұлттық компаниясының Атырау облысындағы барлық мұнай өнімдерін өндіруші басқармалары біріктірілген «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының директорылығына тағайындалды.

2012 жылғы қазақ экономикасының локомотиві саналатын саладағы өнікті еңбегіне ризашылық білдіріп, мемлекеттік қызметке араласуға ұсыныс жасалды. Жылыой ауданы әкімінің қызметіне тағайындау жөніндегі шешімді мәслихат депутаттары түгел қолдады. Бұл қызметті 2017 жылы зейнетке шыққанша абыройлы атқарды.

Мұнай саласының білгірі ретінде әр ұңғымадан мұнай өндіру көлемін арттырып, мұнай-газ өндіру жоспарының орындалуын үнемі қамтамасыз етумен қатар жаңа Қисымбай, Аққұдық, Ақінген, Уз және басқа да кен орындарын ашуға белсенді араласып, басшылық жасады. Жүзеге асырылған көптеген өнертапқыштық ұсыныстардың авторы.

Еңбек адамдарының хал-ахуалын арттырып, халық игілігі үшін атқарған жұмыстарда үнемі ел назарында болды. Мақат поселкесіндегі ұзақ жылдар шешімін таппаған Ноғайты өзенінен көпір тұрғызып, тұрғындардың алғысына бөленді. Құлсары қаласында Қазақ-түрік лицейі ашылса, ауданда үш ауысымда оқытылатын мектептердің шәкірттері мен ұстаздарының тілегіне орай екі ауысымда оқуға жағдай жасалды. Тұрғын үй, музей, кітапхана, балабақша, демалыс саябағы мен спорт алаңдарының құрылысын ұйымдастырып, іске қосудың бастауында тұрды.

Ізденімпаздықпен туындаған тың ойларын, қолдағы бар мүмкіндіктерді толық пайдаланып, жүзеге асыра алатын көшбасшылығын зейнетке шыққасын да жалғастыруда. «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиал директоры, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, Атырау облыстық қоғамдық кеңесіне ұзақ жылғы тәжірибесімен төрелік жасап келеді. Ұлттық құрылтай мүшесі.

МЕРЕЙ БИГІНДЕ

Ерен еңбек іесі аталған азаматын халқы сыйлады, мемлекет бағалап марапаттады. 1999 жылы «Құрмет», 2020 жылы «Парасат» ордені, 2005 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», 2010 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясына 15 жыл», «Қазақстан тәуелсіздігіне 20, 25, 30 жыл» медальдарымен марапатталды. 2006 жылы «Мәдени және көпшілік салалардағы қайырымдылық пен демеушілік қызметтері үшін» Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломының, 2001 ж., 2005 ж., 2019 ж., 2021 жылдары ҚР Президентінің Алғыс хаттары мен отызға тарта мерекелік, естелік тәсілдердің иегері атанды.

Атырау облысының, Жылыой, Қызылқоға аудандарының Құрметті азаматы. Жерлестері үлкен үміт артып, Атырау облыстық мәслихатының екі шақырылымының депутаттығына сайлады. Кенес одағы кезінде де абыройы артып, Ембі аудандық кеңесінің депутатының қатарында болған.

Елдің азаматы отбасында адал жар, асқар таудай әке, ақсақалды ата атанған жан. Өмірлік жары Тамаранен бірге Нұрболат, Өрік, Жазира, Нұрбек атты ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, ел қатарына қосты. Олардан өрбеген ұрпағымен жашырағы жайылған мәуелі бөйтерекке айналды.

Иә, өткеніне көз салып өсіп, бүгінгісіне қарап бой түзген Мақсым Шафиқұлының сара сұрлеуімен еліне жасаған қызметіне, халқын сүйген жарқын жүзді мәрт азаматтығына баршаның ризашылық білдіретініне сенімдіміз.

Өмірзақ ҚАЗЫМҒАЛИУЛЫ, жазушы,
ҚР Еңбегі сінген қызметкер,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері,
Атырау облысының және Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы



ҚҰРМЕТТІ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ҚАДІРЛІ ӘРІШТЕСТЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекеміз – Энергетик күнімен құттықтаймыз!

Сіздердің еңбектеріңіз – қоғамымыздың тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Сіздердің кәсіби біліміңіз бен тәлімді тәжірибелеріңіздің арқасында мыңдаған үйлер мен кәсіпорып – мекемелерге жылу мен жарық үздіксіз беріліп отыр. Сіздер бар күш-жігеріңізді еліміздің энергетикалық жүйесін дамытуға жұмсай отырып, күн сайын әр адамға жайлылық пен тұрмыстық тұрақтылық тартып келесіз.

Сіздердің кәсіби біліктілігіңіз, табандылығыңыз бен жауапкершілігіңіз табыс пен қауіпсіздіктің кепілі болып табылады. Сіздердің ерен еңбегіңіз қуаныш пен шаттық әкелісін, жобалаған істеріңіз сәтті болсын, шаңырақтарыңызда жылулық пен жайлылық

орнасын!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, сарқылмас қуат және тың жетістіктер тілейміз! Энергетик күні құтты болсын!

- А.Т.КАРШЕГЕНОВ,**
Атырау Энерго Кешені Басқармасының төрағасы
- М.У.ГУБАШЕВ,**
«Атырау Жарық» АҚ президенті
- М.К.А.ЛЕНОВ,**
«Атырау жылу электр орталығы» АҚ президенті
- А.Н.ТЕМИРГАЛИЕВ,**
«Атырау жылу жүйелері» АҚ президенті
- Т.С.ДОШАТОВ,**
«АтырауЭнергосату» ЖШС директоры

* Қабиболла Сыдықұлының туғанына-90 жыл

ҰЛЫ АБАЙ АТЫНДАҒЫ АЛТЫН ҰЯДАН ТҮЛЕП ҰШҚАН ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында №5 Абай атындағы орта білім беретін мектепте осы оқу ордасының түлегі, белгілі әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты Қабиболла Сыдықұлына арналған мемориалдық тақтаның ашылу салтанаты өтті. Аталмыш тақтайша мектеп ғимаратының қасбетіне орнатылды. Салтанатты шараға сонау ару Алматыдан ат арытып, Қабиболла Сыдықұлының жұбайы Гүлшат Омарқызы және ұрпақтары арнайылап келді.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Гүлнафис Айшуақова, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Арай Нұрмаханова, ғалымның туыстары мен замандастары, ақындар, қоғам қайраткерлері, ұстаздар мен шәкірттер қатысты.

Алғаш ашып, жүргізген аудандық мәдениет, тілдірілі дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Әлібек Науаров құттықтай сөз кезегін Гүлнафис Аязберкіқызына берді. Ол бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталып, ескелен ұрпақтың рухани тұрғыдан кемелденуіне қосар үлесінің зор екендігін атап өтті. Ақын-жыраулар мұрасын, халық әндерін, ауыз әдебиеті нұсқаларын, шежірелер мен тарихи деректерді жинап, 300-ден аса еңбек жазған ғұлама ғалымға арналған шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын таба беретініне сенім білдірді. Соның бірі парасы ретінде аудандық орталық кітапханаға Қабиболла Сыдықов есімі берілгендігін жеткізіп, көпшілікті бір қуаныш тастады.

- *Бүгінгі аймақтың әдеби-мәдени өмірінде елеулі оқиға. Жас ұрпаққа саналы білім мен саналы тәрбие берген ұлағатты ұстаз, ақын, ғұлама ғалым Қабиболла Сыдықовқа өзі түлеп ұшқан алтын ұя – мектебінде ескерткіш тақта орнатылған тарихи сәттің куәгері болып тұрмыз. Осыған орай Қабекеннің Құдай қосқан жары – Гүлшат апай мен қыздары Инжу мен Маржан да келді. Барша Сыдықовтар дүлеті атнаын осы шараға қолдау көрсеткең барша ауданның атқарушы органына алғысымды білдіремін,-* деді мемориалдық тақтаның ашылуына ұйтқы болған Қабекеннің жиені, республикалық «Құлсары» газетінің бас редакторы Әбдіхалық Сисенбердиев.

Гүлшат Омарқызы да Қабекеннің аруағын қастерлеп, жыл бойына осындай игі шаралар ұйымдастырған барша жылылық азаматтарға шын жүректен алғыс сезімін білдірді. Сөз арасында ғалымның өзі оқыған мектебіне баспаханадан соңғы шыққан 10 томдық шығармалар жинағын тарту ететінін хабарлады.

Ескерткіш тақтаны ашу бақыты Гүлшат апай мен жиені Әбдіхалық Жәңкейұлына бұйырды. Келесі кезекте шараға жиналғандар №5 Абай атындағы орта білім беретін мектеп ғимаратының кіреберіс фойесіне қойылған кітап көрмесін тамашалады. Онда Қабиболла

Сыдықұлының жазған туындылары қойылған-ды. Бұдан соң ғалымның өзі білім алған мектептің ұстазы Баршагүл Биманова Қабиболла Сыдықұлының алтын ұясына арнаған жүреқарды жырларын оқып берді. Ал Қабиболланың шәкірті, Қазақстан Журналистер және Жазушылар Одағының мүшесі Қаржаубай Сұлтанғалиұлы ұстазы туралы естен кетпес естеліктерімен белісті, үлкен тебіреніс үстінде ұстаздық еңбек жолы мен шығармашылығы хақында өңгіме өрбітті. Ақын Мотжан Әминұлы әдебиетші-ғалымға арнаған өлең шумақтарын төгілітті. Ескерткіш тақтаның орнатылуы ерекше оқиға екенін айтқан қаламгер ішілері игі іске атсалысқан аудан азаматтарына ризашылық сезімін білдірді.

Шара сонында Қабиболла Сыдықұлының жолдасы Гүлшат Омарқызы ер-азаматын ұлығылаған туған елі мен халқына алғысын жаудырып, жанарына еріксіз жас алды.

- *Қабекенді Жылыой ерекше ұлығылайды. «Ақкізтоғай – ақындар ауылы» деген бар зой. Ақкізтоғайдан шыққан перзенттердің көбі шетінен ақын. Солардың бірі - Қабекен мен Мендекеи Сатыбалдиев. Мендекеи бұл кісінің тура туған інісіндей болған кісі. Және осы шараға қатысқан қаламгер інілері де Қабекеннің атын мейлінше насихаттауға үнемі атсалысып келеді. Сіздерге тағы алғысымды білдіремін,-* деді. Бұдан соң білім бұлағымен сусындап, бойына ақындық қасиетті, ұлына деген сүйіспеншілікті жинаған Қабиболла Сыдықұлының бірнеше кітаптарын №5 Абай атындағы орта білім беретін мектеп пен кітапхана ұжымына табыс етті.

Иә, ұлтының рухани дүниесіне бүкіл саналы ғұмырын сарп етіп, бір өзі бір институттың жұмысын атқарып кеткен Қабиболла қазақ халқының рухани дүниесіне өлшеусіз үлес қосты. Қазақ халқының фольклорын, жырына жырауларын, оның ішінде өткен ғасырдағы жыр тарихын, өнер мұрасын тірлітуде ол кісідей еңбек сінірген адам жоқ екенін айтты шараға жиналғандар. Расында да, сол мақсатта бүкіл өмірін қазақ халқының мол мұрасын зерттеуге сарп еткен Қабиболла Сыдықовты ғалымдардың ғалымы деуге әбден болады.

Е.ҚОШАҚАНОВ, П.ҚИЗАТОВА

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газет	Телефондар: Бас редактор: 5-42-10	Бас редактордың орынбасары-жауапты хатшы Е.АХМЕТКӨРІМОВ.	Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылғы 8 қаңтарда қайта тіркеліп, №КЗ27ВРУ00085000 куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Атырау-Ақпарат» ЖШС Бас директор Нұрболат Е.ІЕУСІНОВ	Тілшілер: П.ҚИЗАТОВА, Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ. Бет құрушы - С.ҚОШЕКОВА. Тел: 30-51-06. Веб-редактор - Ж.ӨБДІКӨРІМОВА. Жарнама менеджері: А.ЕРҒАЛИЕВА Тел.: 5-42-10.	Авторлар жарияланымдағы пікірлер редакцияның түпкілікті қозғарысы болып танылмайды. Колжазбалар өңделді және авторға қайтарылмайды. Газет материалын сілтемемен басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.	
Бас редактор Ербол ҚОШАҚАНОВ	E-mail: Ken-Zhylyoy@mail.ru Жауапты кезекші: П. ҚИЗАТОВА	Газеттің бейсенбі күндері шығады. Газет редакцияның компьютер бөлімінде теріліп, беттелді. Атырау қаласындағы «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Баспахананың мекен-жайы: Ж.Молдағалиев көшесі, 29 «а» үйі. Тапсырыс №1503.	